

5. А.Құсайынов. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. Алматы, 2013,142-157-беттер.

6. Н. Мұхамедханұлы. «Ұзын арқау, кең тұсау Қазақстанда ғана бар». «Түркістан» газеті, 05.10.2017. 9-бет.

## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» - ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҮЛГІСІ РЕТІНДЕ

Таткенова Гульбану Хайдаровна  
Кенжебаева Жанат Каржауовна  
Байдилдина Асель Кенжахметовна  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Қостанай қаласы № 2 мектеп-лицей

### *Аннотация*

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында алты бағытқа басымдық берілген. Соның бірі - білім беру жүйесін жаңаша жетілдіру. Құндылықтар жүйесінде тек білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана зор табысқа жетеді. Жастар басымдық беретін межелердің қатарында білімнің үнемі бірінші орында тұруы шарт екені даусыз. Бұл - Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған орамды ой.

### *Аннотация*

В программной статье Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» были изложены шесть направлений. Одним из них является модернизация системы образования. В системе ценностей только та нация, которая ставит образованность превыше всего достигнет больших успехов. Несомненно для молодежи образование должно всегда стоять на первом месте и быть главным приоритетом. Такова ключевая идея Главы государства изложенная в статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

### *Abstract*

The Head of the State N. Nazarbaev has defined main six directions of the country's development in the program article "Looking into the Future: Modernizing the Public Consciousness". One of them is the modernization of the education system. In the value system, only that nation will achieve great success that puts education first. It goes without saying that for young people; education should always be in the first place and be the top priority in life. This is the key idea the Head of the State designates in the article "Looking into the Future: Modernizing Public Consciousness."

**Түйінді сөздер:** рухани, мәдени ашықтық, билингвалды, тұғырнама.

**Ключевые слова:** духовный, культурная открытость, двуязычие, платформа.

**Keywords:** Spiritual, cultural openness, bilingual...platform.

Біздің мемлекетіміз егемендігін алғаннан бері тоқтамай жүріп жатқан реформалау процесі негізінде ел экономикасы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, рухани салалар да өзгеріске ұшырауда.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар- ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы» деп атап көрсетті.

Біздегі білім беру жүйесін реформалау, міне соның дәлелі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған жылсайынғы дәстүрлі жолдауларында

осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлар біліктілігін ұдайы арттыру және Қазақстан халқы мәдениетінің одан әрі өркендеуі – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі екендігін атап көрсетіледі.

Елбасының бағдарламалық мақаласында ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұрғандығын, мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс екендігін, оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру барысында білікті мамандар ұсыну маңыздылығын ерекше атап көрсетіп, жоғары кәсіптік білім беру саласының алдына зор міндеттер жүктеді.

Қазақстан экономикасының қарыштап дамуы мемлекетімізде шетел тілдерін меңгерген мамандарға деген сұранысты қалыптастырады. Шетел тілін кәсіби меңгеру маңызды әлеуметтік факторға айналуға дайын. Үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) білсе көптеген мүмкіндіктерге ие болатынын қоғамдағы адамдар, әсіресе жастар түсіне бастады: нарықтық экономикасы бар қарқынды өзгеріп тұрған ашық типтегі қоғамда интеграциялану, болашағы мол жұмысқа орналасу, түпнұсқасындағы әлемдік мәдениетпен танысып, сусындау, әлем мен әлемдік мәселелерді кеңінен ұғыну. Сондықтан да, көптеген ата-аналар мен мектеп бітіруші түлектер үшін жоғары оқу орнын таңдауда білім сапасы мен жаңа технологиялар, инновациялық бағдарламалар, халықаралық білім беру кеңістігіне шығу мүмкіндігі шешуші факторлар болып табылады.

Негізгі мақсат – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым – қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен біліктілігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген жеке тұлға қалыптастыру. Еліміздің әлемнің дамыған мемлекеттер қатарынан орын алу үшін бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру мәселесі алға шығып отыр. Өйткені, тек бәсекеге қабілетті азаматтар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына, бәсекеге қабілеттілігіне өз үлесін қоса алады. Шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, ой-өрісі, дүниетанымы дамыған, Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде жүзеге асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі – білім беру мекемелерінде көптілді және билингвалды білім беруді жолға қою болып табылады.

Қазіргі таңда дүние жүзілік мәдениеттің дамуы, халықтың сана-сезімінің өсуі, дүниежүзілік қауымдастыққа кіруі бұрыннан қалыптасқан пікірлер мен қағидаларды сын көзбен қарап, жаңаша әдістемелік қатынас тұрғысынан ойлау мен жан-жақты әрекетімізді ұйымдастыру бүгінгі күннің кезек күттірмес өзекті мәселесіне айналып отыр. Мұндай жағдайда ұлтаралық мәдениеттің, коммуникативтік қарым- қатынастың күшеюі табиғи нәрсе. Аталмыш мақалада үш тілде білім беру жағдайында әлеуметтік мәдени компонентті қолданудың маңыздылығы, бұл компоненттің мүмкін деген мазмұны және оқытылатын шет тілі елінің мәдени аясындағы мәселелер қарастырылады.

Мақалада шетел тілінің әдіс-тәсілдері арқылы әлеуметтік мәдени білім берудің мақсаты- білім алушыларды ұлттық игіліктің өз тілін сақтап, өз тілін насихаттаушының әрқайсысы білетін, мақтан ететін бөлігімен таныстыру, сондай-ақ, ұлттық игіліктің мәдени құндылығын да көрсетуге болады делінген. Мысалы, тарих туралы айта отырып, тарихи оқиғалардың қоғамның дамуына тигізетін әсері мен мағынасын қарастырып, тарихи еске алу мәселесін қозғау керек; көрікті жерлер туралы талқылай отырып, халықтың архитектуралық және көркем мұрасына білім алушылардың назарын аудару қажет; ұлттық бақтарды зерттей отырып, қоршаған ортаны қорғауға және жаңа ұрпақты табиғатпен үйлесімділікте тәрбиелеуге шақыру керек.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі-неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы» деп атап көрсеткен еді.

Сондықтан, ұлттық менталитет, әлеуметтік қарым-қатынас және ұлттық игілік бір-бірімен өте тығыз байланысты. Мәдениет те қоғамның дамуымен бірге дамып отыратын «жанды» категория. Осыған орай, әлеуметтік мәдени компоненттің мазмұны үнемі өзгеріп, жаңа құндылықтармен толығып отырады.

Кез келген елдің болашағы қашан да – өсіп келе жатқан ұрпағына байланысты. Сол себепті де, Қазақстан бәсекеге лайықты, білікті жастарды дайындауға баса назар аударып келеді. Мәселен, тоқсаныншы жылдардың басында «Болашақ» бағдарламасы қолға алынып, бүгінге дейін оң мыңдаған ел жастары әлемнің маңдайалды оқу орындарында білім алды, тәжірибе жинақтады. Ел аумағында жоғары деңгейдегі университеттер ашылып, зияткерлік мектептер қалыптасты. Десе де, мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Заман жаңарған сайын, білім беру саласын да жетілдіріп отыру қажет.

Білім – табысты болудың басты факторы. Ол ел жастарына болашағына ғана емес, бүтіндей мемлекеттің дамуына әсер етеді. Сондықтан, оған әрдайым ерекше басымдық берілетіні – түсінікті де. Қазір экономика, өнеркәсіп, өндіріс салалары көз ілеспес жылдамдықпен алға жылжуда. Яғни, технологиялық революция. Енді бір он жылдан кейін қазіргі кәсіптердің кейбірі жойылып, жаңа түрлері пайда болуы мүмкін. Ал, оларды игеріп кете алатын жастар Қазақ Елінде де болуы керек. Бәсекеге қабілеттілік дегеніміздің бір парасы – осында.

Қазақ елінің жастары білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылулары керек. Себебі жаңа дәуірде тек бәсекеге қабілетті, аса білімді, сауатты адамдар ғана табысқа жететіндігін Елбасымыздың сөзінен айқын түсіндік. Сонымен қатар, алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына қосылуына үлес қосатын білімді жастарды даярлайтын ұстаздардың кәсіби біліктілігін шыңдап, дамыту да маңызды рөл атқарады. «Әрбір елдің келешегі мектебіне байланысты» - деп М.Жұмабаев айтқандай білім беру сапасын арттырып, жастардың бәсекеге қабілетті болуына ұстаздар қауымының құзыреттілігін жетілдіруде қалалық білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының үлесі зор.

Ел Президенті аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар». Осылайша мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатыр.

Қазіргі таңда елімізде көптілді және көпмәдениетті білім беру жоғары білім беру жүйесіндегі ең басты бағыттардың бірі болып табылады. Жоғары оқу орны көптілді және көпмәдениетті тұлғаның қалыптасып дамуында ең маңызды кезең болып саналады. Осы жерде негізгі және өмірлік принциптер саналы түрде қалыптасады. Жоғары білім ордасы студентке қолайлы орта туғызып, оның тілдік, ұлттық-мәдени, этникалық қажеттіліктерінің толықтай жүзеге асуына мүмкіндік береді және жеке тұлға ретінде гуманистік жалпыадамзаттық қасиеттерінің үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ // Қазақстан Республикасының Президенті –Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Астана,2014.
2. Назарбаев Н.Ә. «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласы. Астана, 2017
3. Жұмағұлова М.Ш. Шетел тіліне оқыту мазмұнындағы әлеуметтік мәдени компонент

### ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

Тимофеева Наталья Владимировна  
Баймагамбетова Айгуль Сапархановна  
учителя физической культуры  
школы гимназии № 3  
г.Костанай

#### Аннотация

*Мақалада рухани-қазіргі заманғы жастардың адамгершілік тәрбиесі және оларды шешу жолдары.*

#### Аннотация

*В статье описаны основные проблемные вопросы духовно-нравственного воспитания современной молодежи и пути их решения.*

#### Abstract

*The article describes the main problematic issues of the spiritual-moral education of modern youth and ways of their solution.*

**Түйінді сөздер:** *Рухани-адамгершілік тәрбие, оқу үдерісі.*

**Ключевые слова:** *Духовно-нравственное воспитание, образовательный процесс.*

**Key words:** *Spiritual and moral education, educational process.*

В настоящее время Казахстан переживает один из непростых исторических периодов. Самая большая опасность, подстерегающая наше общество сегодня - разрушение личности.

Ныне материальные ценности доминируют над духовными, поэтому у молодых людей искажены представления о доброте, милосердии, великодушии, справедливости, гражданственности и патриотизме. Высокий уровень преступности вызван общим ростом агрессивности и жестокости в обществе. Молодежь отличается эмоциональной, волевой и духовной незрелостью. Широкий размах приобрела ориентация молодежи на атрибуты массовой, в основном западной культуры за счет снижения истинных духовных, культурных, национальных ценностей. Продолжается разрушение института семьи: формируются внесупружеские, антиродительские и антисемейные установки. Постепенно утрачиваются формы коллективной деятельности.

У молодого поколения в настоящее время утрачен главный фактор развития личности - воспитание духа. Сегодня задача системы образования – не только в формировании индивида с широким мировоззренческим кругозором, с развитым